

2015 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуден өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 24 желтоқсанда № 4106 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімінің аппараты басшысының 2015 жылғы 02 шілдедегі № 05-1574 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімінің аппараты басшысының 02.07.2015 № 05-1574 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Мәртөк ауданының әкімі

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2015 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1998 жылы туған Қазақстан Республикасының еркек жынысты азаматтарын, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Мәртөк ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарын тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қортындысы туралы 2015 жылдың 10 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Күзембаеваға жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Елеусізов

КЕЛІСІЛДІ

Мәртөк ауданының қорғаныс істері

жөніндегі бөлімінің бастығы

А. Утарбаев

20 қараша 2014 жылы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК